

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

Ажимханова Ализа Мадияровна

aazhimkhanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Психология» кафедрасы, магистрант білім беру бағдарламасы «Психология» Астана қ. Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Байжуманова Б.Ш. п.с.ғ.к. доцент.

Аннотация. Мақалада кибербуллингтің студенттердің өміріне қандай әсер қалдыратынына теориялық шолу жасалды. Зерттеулерге байланысты студенттердің ерекшеліктеріне байланысты кибербуллингтің қандай түрі басым болатыны, оның себептері мен салдары қарастырылды. Кибербуллингтің адам психикасы мен физиологиялық денсаулығына тигізетін зардаптарын ғалымдардың зерттеулерінің қорытындыларына байланысты сипаттамаланды.

Кілттік сөздер: кибербуллинг, студенттер, заманауи, психика, денсаулық.

Ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың өміріне тікелей әсерін тигізеді. Себебі, ғаламторға байланысқан тасмалданатын құрылғыларды: смартфон, ноутбук және планшеттер арқылы біз ақпаратпен алмасуымызды жеңілдеттік. Ғаламтор бізге тек жүйеде ақпараттарды сол мезетте тауып беруімен шектелмейді, ол әлемнің басқа бөліміндегі адамдармен сол мезетте сөйлесуге, ойлармен алмасудың жылдамдатуына мүмкіндік береді. Дамыған мемлекеттердің 90% жастарында ғаламторға оңай қол жеткізуге мүмкіндіктері бар, ал 80% жастарында тіпті өздерінің жеке смартфондары да бар.[1] Заманауи ақпараттық технологиялар жас ұрпаққа достары мен туысқандарынан бөлек жаңа таныстарды табуға көп мүмкіндіктер ашады. Қазіргі таңда жастар әлеуметтік ортадағы байланыстардан көрі барған сайын ғаламтордағы байланыстарға көбірек маңыздылықты береді. Одан бөлек электронды ақпараттармен істеуді тиімді деп сол жерде көптеген білімді және қажетті жаңалықтарды алады. Сондықтан ғаламтор оқу процессінде бір шама жеңілдетеді. Бұл жас ұрпаққа әлеуметтенуінің, ақпаратты өңдеуінің және оны дұрыс қолдануына деген жаңа міндеттерді жүктейді. Демек, қазіргі таңда қоғамның нормалары адамдардан ақпараттық мәдениетті болуды талап етеді деп.[3] Ақпараттық мәдениет- заманауи технологияларды және әдістерді пайдалану арқылы ақпараттарды тез алу және оны лезде өңдеп, керектіні ғана ала алу қабілетін айтамыз. Бұл термин адамзат өмірінде 1970 жылдан бастап бар.[2] Алайда әлі күнге диін ақпараттық мәдениет бәріне мәлім емес.

Заманауи білім бағдарламасы бойынша ақпараттық технологияларды ендіру талап етіледі. Әсіресе, бұл білім беру бағдарламасы жоғарғы білім беру орындарында әледік деңгейде талап етілген, демек студенттер арасында көбіне қолданылады. Қазіргі таңда көп студенттер өз уақытын тиімді пайдалану үшін тапсырмаларды онлайн іздеуге тырысады. Олар ақпаратты ғаламторда тауып оны қолдануға білімдері мен дағдылары жеткенімен, бұл толықтай ақпараттық мәдениет емес, ол тек ақпараттық сауаттылық. [4] «Covid-19»-тан кейін оқу процесі толықтай онлайн жүйеге көшті, сол кезде оқушылар да оқытушылар да, виртуальді әлемнің ішіне кіріп кетті. Соның арқасында қосымша білім беру орталықтары алыс аймақта тұратын оқушыларға да білім берулеріне болады деген жаңа мүмкіндікті ашты. Бұл форматты оқыту оқушылар тобының арасында әсіресе студенттерге тиімді болды. Студенттерге бұндай оқыту формасы, онлайн маман иесі болуға, сонымен қатар, қосалқы білімдерді алуға және жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Студенттер онлайн форматты өздеріне тиімді жағын толықтай игеріп қолданды десек қателеспейміз. Ол олардың әлеуметтік рөлдеріне байланысты себебі, студенттер бұл жасөспірім жасынан өтіп ересек жас кезеңіне психологиялық және әлеуметтік тұрғыдағы өтпелі кезең. Студентті тұлға ретінде қарастыратын болсақ, 18-20 жас аралығында адамгершілік

және эстетикалық сезімдердің белсенді дамуы, мінез-құлқының толықтай қалыптасу кезеңі, сондықтан бұл кезеңде әлеуметтір ортада адамның қандай рольдері бар және оны қалай атқару керек бейнесі мен өзіне идиологиялық бейнені құрып соған талпынады. Соныдқатан студенттік кезде олар жаңалыққа ашық және бейім болып келеді.[5] Ал, қазіргі таңда ғаламтор оларға бұл әлеуетін дамытуға жаңа мүмкіндікті ашып береді. Олар әлеуметтік желіде өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне байланысты жеке кәсіптерін дамыта алады, ерекшеліктері мен алған білімдерін өздерінің әлеуметтік желідегі достарымен күніге бөлісіп тұра алады. Ол жастар арасындағы белсенді бәсекелестік сезімінен және құрдастарынан қалып қалмау қорқынышынан туындатын іс-әрекет.[7] Көбіне студенттік шақта психологиялық функциялардың даму шегі ең жоғарыда болады: зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу. Б.Г.Ананьев бұл жас аралығы білім мен кәсіби дағдыны қалыптастыруға ең тиімді кез деп санаған.[6] Алайда студенттік шақтың бұндай мүмкіндіктерімен қатар кері жақтары да бар. Студенттік кезде бәрі оқуға бірдей көңіл бөлмейді, олардың В.Т.Лисоковский бөлген типологиясына байланысты, жоғарғы оқу орынына және ол жердегі білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі бейімделеді. [5] Соған байланысты кейбір студенттер керісінше өздерінің психологиялық функцияларының даму шегін бұрыс пайдаланады. Яғни, олар даму мен өсуден бөлек, тәуелділікке, деструктивті іс-әрекеттерді де істейді. Біз қазір нашақорлық, ойындық және ішімдік тәуелділіктерден бөлек, студенттер ғаламторды пайдаланған салдарынан пайда болатын тәуелдікпен жағымсыз жақтарды айтамыз.[8] Себебі, бірінші айтып кеткен тәуелділіктерге көптеген факторлар әсер етеді. Ал ғаламтордың кесірінен пайда болған жағымсыз жақтар енді ғана ашылып, дамып жатқан жаңа деструктивті іс-әрекеттер. Студенттердің ғаламторды көбіне өзіндік даму үшін қолданатынын айтқанымен, оның теріс жағы да бар екенін айтуымызда шарт. Олар: ғаламтор тәуелділігі, кибербуллинг. Ғаламтордағы тәуелділік ол жастардың барлық ақпаратты сол жерден алуымен қатар, өздерінің барлық бос уақытын әлеуметтік желілерде өткізуімен сипатталады, ол адамның әлеуметтік жеке өмірінің болмауы және өзінің уақыты мен өмірін басқара алмау.Ғаламторға деген тәуелділік ол басқа тәуелділіктер сияқты екі фактор арқылы қарастырылады. Яғни, жеке және қоршаған орта.[9] Ал кибербуллинг ол қарқынды өсіп келе жатқан жаңа құбылыс. Ол адамды онлайн жағдайда қорлау, өзгелердің көзінше төмен түсіру, қастандық істеумен сипатталады. Көбіне адамдар оған аса-қатты назар аудармайды. Ересек адамдардың пікірінше өзгенің ойын елемеу, оған көңіл бұрмау, әсіресе әлеуметтік желіде көрсеткен зорлық түрін өте үлкен мәселе емес деп қарайды. Алайды бұл толықтай дұрыс емес. Ғаламтордағы зорлық-зомбылық шынайы өмірде болатын зорлық-зомбылықтан кем емес, тіпті кейді одан қатты зардап алып келуі мүмкін. [1; 11] Себебі, ғаламторда болатын зорлық-зомбылықтың уақыттық шекарасы жоқ, ол тәулік бойы, жылдар бойы жалғасуы мүмкін. Сонымен қатар, кибербуллингке қатысушы агрессорлар саны шексіз, олар сағат сайын өсуі және көп жағдайда агрессорлар анонимділікті ұстану арқасында, жалған әлеуметтік бетін жасайды. Агрессордың кім екені белгісіз және бұл агрессиялық шабу қашан тоқтайтынын білмейтін жастарда қорқыныш, мазасыздық, кейді агрессия мен депрессиялық сезімге жетелейді.[13] Кибербуллингтің себептерін айтып өту өте қиын, себебі оны түртуші күштер әртүрлі бола алады. Кейбір кезде ол әлеуметтік желідегі сенің оқырмандарыңның жан-жақтан болуына байланысты.Көбіне ол этно немесе тәрбие ерекшеліктеріне байланысты келіп түсетін сын-пікірлер, кей-кезде ол қызғаныш есебінен туындайды.[10] Ал студенттік шақта бұл феномен көбірек орын табады. Себебі, студенттер көбіне өздерінің орталарын бірден ауыстырады, сондықтан жаңа ортаға бейімделу және ол жердегі ерекшеліктерді кейде қабылдамау салдарынан туындайтын ыза. Сонымен қатар біз айтып кеткендей студенттер өздрені дамыту және көрсету аймағы ретінде әлеуметтік желілерді пайдаланады. Ал ондай жағдайда қызғаныш себебінен пайда болатын, басқа біреуден асып түсу мақсатында ол адамды төмендету факторлары байқалады.[14] Студенттердің ортасында көбіне ғаламторда байқалатын

антиэлеуеттік мінез-құлықтардың: өсек айту, қорқыту, аңду және адамның жеке ақпараттарын тарату, байқалады. Ал бұның бәрі кибербуллинг.[13] Студенттердің арасында кибербуллинг салдарынан элеуметтік ортада қарым-қатынасқа түсу қиындығы, сабаққа деген мотивациясының төмендеуі, ашу-ызамен қатар айқын байқалатын элеуметтік ортаға деген агрессия, өзінің мақсатына немесе элеуметтік желіден көрмей қалған қолдауының себебінен, фрустрация, мазасыздану мен сенімсіздік сезімдері пайда болады және одан айырылу ұзақ уақытты талап етеді. Ал бұндай күйде ұзақ уақыт бойы өмір сүру бас, жүрек ауруларымен қатар, адамның физиологиялық жағдайына әсерін тигізеді. [16]

Біз көргеніміздей, қазіргі таңда заманаи технологиялардың дамуы және жаңа мүмкіндіктерді ашуы студенттерге өмірлерін жеңілдетумен қатар, оны қиындатады. Студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуында және өмірлік бағытын табуында элеуметтік желілер әрине оған көптеген мүмкіндіктер береді. Алайда біз кибербуллингтің де сол мүмкіндікпен қатар жүртінін ұмытпауымыз керек. Себебі енді ересек өмірге қадам басып келе жатқан жас ұрпақ, қай жолмен нық басу керек екенін қоршаған ортасындағы қолдау мен тиым салуларынан байқайды. Ал кибербуллинг олардың барлық өміріне әсер етеді. Яғни, элеуметтік ортадан шектелуінен бастап, психологиялық және физиологиялық денсаулығына кері әсері. Сондықтан, дамушы мемлекеттерде АҚШ, Япония және т.б. кибербуллингтан сақтану жөнінде мектептен бастап айтылады және заң жүзінде жазалануға тартылады. Біздің Қазақстанда кибербуллинг мәселесіне байланысты жазалану шаралары заң жүзінде жазылғанымен, оның бар екенін және жазаланатынын бәрі біле бермейді. 2021 жылы "Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының" денсаулық пен жастарды нығайту бөлімінің басшышылығы 2020 жылдан бері кибербуллинг мәселесі өрши бастаған. Соған байланысты элеуметтік сауалнама нәтижесінде Қазақстанда әр 9 бала кибербуллинг мәселесімен бетеседі. 2021 жылдың наурызынан 2022 жылдың наурызына дейін «Ақпарат және қоғамдық даму» министрлігі кибербуллингке қатысты 1700 шағымды тіркеді, негізінен жастардың өзі емес олардың ата-аналардан түскен. Сондай-ақ, 45 мың заңсыз сілтемелер болжамды кибербуллинг үшін тергелуде. Бірақ бұл барлық жағдайлардың аз ғана бөлігі. "Қазақстан Интернет Ассоциациясының" президенті Шавкат Сабировтың айтуынша, 99% жағдайда балалары кибербуллингке ұшыраған ата-аналар құқық қорғау органдарына жүгінгісі келмейді. Себебі, жастар арасында кибербуллинг мәселесі ол көбінесе жеке ақпаратты таратумен сипатталады. Сондықтан бұл факторды басқара алу және оның алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу үшін кибербуллингтік жағдайды әлі зерттеу қажеттілігін көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Holfeld B., Grabe M. An examination of the history, prevalence, characteristics, and reporting of cyberbullying in the United States // Cyberbullying 863 in the global playground: Research from international perspectives / eds. Q. Li, D. Cross, P.K. Smith.— 2012.— P. 117–142.
2. Войханская К.М., Смирнова Б.А. Библиотекари и читатели об информационной культуре // Библиотека и информация. - 2002. - С. 154-170.
3. Шапиро Л. О путях уменьшения неопределенности информационных запросов // Научно-технические библиотеки СССР. - 1999. - С. 40-55.
4. Гендина Н.И. Информационная грамотность и информационная культура личности: международный и российский подходы к решению проблемы // Проблемы образования. - 2007. - С. 58-65.
5. И.В. Никулина. Психологические особенности студенческого возраста: учебное пособие // Самара: Изд-во «Универс групп», 2009 - С. 5-10;
6. Н.С. Пашук. Психология индивидуальных различий / Минск: изд-во МИУ, 2008 – С. 55-57.

7. Южанинова Е.Р. Интернет как новое пространство самореализации молодёжи // Вестник Оренбургского государственного университета. - №7 (156). - Оренбург, 2013. - С. 82 - 89.
8. Вишневецкий Ю. Р., Нархов, Д. Ю., Сильчук, Е. В. (2016). НОВЫЕ ЯВЛЕНИЯ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ. Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Социально-экономические науки, 2016.-С. 8-18.
9. Интернет-зависимое поведение = Internet- addictive behavior : (обзор) : (review) / В.Л.Малыгин [и др.] // Журнал неврологии и психиатрии имени С. С. Корсакова. - 2011. - Т. 111, № 8. - С. 86-92.
10. Макарова, Е. А. Психологические особенности кибербуллинга как формы интернет-преступления / Е. А. Макарова // Российский психологический журнал. – 2016. – Т. 13. – № 3. – С. 293-311.
11. Федунина, Н. Ю. Представления о триаде «Преследователь – жертва – наблюдатель» в кибербуллинге в англоязычной литературе [Электронный ресурс] / Н. Ю. Федунина. – Режим доступа: <http://psystudy.ru/index.php/num/2015v8n41/1143-fedunina41.html>
12. Cyberbullying Research Center report, 2010. [Электронный ресурс]. <https://cyberbullying.org/>
13. Belsey B. Cyberbullying: An Emerging Threat to the «Always On» Generation [Электронный ресурс]. URL: <http://www.billbelsey.com/?p=1827>
14. Kowalski R.M., Limber S.P., Agatston P.W. Cyber bullying: Bullying in the digital age.—Malden, MA: Blackwell publishing, 2008.-С- 10-12.
15. Забокрицкая Л.Д. Информационная культура современной молодежи: угрозы и вызовы виртуального социального пространства // Вестн. Перм. нац. исслед. политех. ун-та.— Соц.-экон. науки.— 2017.- С. 6-8.
16. Wolak J., Mitchell K., Finkelhor D. Does online harassment constitute bullying? An exploration of online harassment by known peers and online-only contacts // Journal of Adolescent Health.— 2007.— № 41.— P. 51–58.

ӘОЖ 159.9

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДЕГІ МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ

Айгеленова Маржан Сериковна, Әнтай Айқаракөз Рамазанқызы

Ant.aikarakozz2004@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 1 курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – пс.ғ.к. Б.Ш. Байжуманова

Мазасыздық – бұл адамның психикалық жағдайы, эмоциялық немесе физикалық белсенділік жоғарылағанда және әлеуметтік жағдайларға байланысты, немесе адамның ерекшеліктеріне бейімделе дәл осы сәтте, алдағы уақытта қорқыныш сезімін сезіну. Мазасыздық проблемасы бүгінгі күні өте өзекті, өйткені әлеуметтік-психологиялық бейімделу адамның ерекшеліктеріне байланысты болады.

Мазасыздықтың жоғарылау себептеріне, зерттеу нәтижесіне қарап, мазасыз ортада өскен балалар мазасыздыққа бейім екенін көрсетеді. Мысалы, мазасыз ана мен гипер-қамқор әке, баласына жамандық тілемей, оның жүріс-түрісін, киімін, сөйлеген сөзін бақылауы мүмкін. Тым қатты бақылауда болған бала тым мазасыз және уақыт өте келе ата-анасындай болады. Мазасыздықтың тағы бір себептеріне травматикалық жағдайларды алуға болады.